

Kia K8



Movement that inspires

Жаңа Kia K8

Жаңа Kia K8 автокөлігімен күш-қуатыңызды паш етіңіз. Керемет дизайн мен озық технологияның үйлесімі даралығыңызды көрсетуге, өмірден ләззат алуға мүмкіндік береді, өміріңізді керемет сәттерге толтырады. K8 әсер беріп, даралануға шабыт береді.





«Жұлдызды карта» концепциясындағы хромдалған ұзартылған пішінді элементтер мен артқы шамдар сәнді әрі қарқынды жаңа K8 автокөлігінің бейнесін қалыптастыру үшін артқы бамперді үйлестіріп тұр.



Сыртқы түрі

Футуристік дизайн элементтері бар талғампаз K8 автокөлігінің сыртқы бейнесінің қалыптасуына үйлесімді пропорциялар мен әсем силуэт барынша ықпал етті. Үлкен әрі әсерлі бампер автокөлікке күш беріп, айқындай түседі. Бұл сенімділік пен заманауи әсер қалыптастырады.



Интерьері

Салондағы көңілден шығатын, жылы жарықпен және оның талғампаздығымен үйлескен шанағының талғампаз геометриялық пішіні, ұсақ-түйегіне дейін ойластырылған бөлшектер керемет кеңістік қалыптастырып, мінсіз жайлылық сезімін береді.





Артқы қатарда жолаушыларды сәнді орындықтар мен әсерлі кеңістік күтіп тұр, бұл жолаушылардың жайлылықтан рақаттанып, барынша демалуға мүмкіндік береді.



Белсенді атмосфералық жарық

Салонның түрлі динамикалық және үш өлшемді түс үлгілерін көрсететін белсенді атмосфералық жарық беретін көлденең сызық интерьердің енін визуалды түрде кеңейтіп, жолаушыларды жағымды эмоцияға бөлейді.

Заманауи технологиялар

K8 үшін сіздің қауіпсіздігіңіз бәрінен жоғары. Заманауи технологиялар қозғалтқыш іске қосылған сәттен бастап сапардың соңына дейін, яғни қозғалыстың барлық кезеңінде кешенді қорғанысты қамтамасыз етеді. Олар барлық жүйелердің сенімді жұмысына кепілдік беріп қана қоймайды, сонымен қатар әр сапарды жағымды әрі қауіпсіз ету үшін ерекше жайлылық деңгейін қалыптастырады.



Проекциялық дисплей

Алдыңғы әйнекте ақпаратты көрсетіп тұратын проекциялық дисплей қауіпсіздік пен жайлылық деңгейін арттырады, өйткені жаңа дизайндағы деректер айқынырақ және түсінікті, жүргізуші жолдан көзін алмайды.



Панорамалық иілген дисплей

12,3 дюймдік сандық аспаптар тақтасы мен 12,3 дюймдік орталық дисплейді біріктіретін панорамалық иілген дисплей. Барлық деректер жүргізушіге ыңғайлы форматта қолжетімді, соның арқасында салонда жайлылық деңгейі артып, премиум санатты атмосфера қалыптасады.



Белсенді, көңілден шығатын және қосылып тұратын жарық

Динамикалық жарық жүйесіне алдыңғы фаралар, көлемді жарықтар мен артқы шамдар кіреді. Ол көздің жауын алатын және автокөліктің сәнді дизайнын баса көрсететін үш түрлі динамикалық жұмыс режимін ұсынады.

Жайлылық

Жайлылық пен стиль атмосферасын қалыптастыратын қызықты жарық графикасы іске қосылады. Сәнді де жайлы алдыңғы орындықтар сапардың әр минутынан ләззат алуға мүмкіндік беретін керемет жайлылықты қамтамасыз етеді.

Ergo motion жүргізуші орындығы

Жеті жастықшамен жабдықталған пневматикалық жүйе оларды үрлеу қарқындылығын реттейді, соның нәтижесінде отыру орны және қозғалыс қызметі мінсіз болады. Сонымен қатар көлік құралының қозғалысы мен жылдамдығын ескере отырып, оңтайлы бүйірлік қолдауды қамтамасыз етеді. Ал алдыңғы орындықтар үш сатылы жылытумен және желдетумен жабдықталған.



Қозғалысты басқару

K8 салпыншағының жетілдірілген құрылымы автокөліктің жайлылығы мен басқарылуы арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді. Жоғары тұрақтылық жүргізушінің сенімді жүруіне және қолайсыз ауа райында да жолды толық бақылауға кепілдік береді.



Электронды басқарылатын бейімделгіш салпыншақ (ECS)

ECS салпыншағы автокөліктің күйі мен жол жағдайларын ескере отырып, нақты уақыт режимінде амортизаторлардың қаттылығын электронды түрде реттеудің арқасында жолдың бірқалыпты болуы мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді.



Рульді қолмен ұстауды бақылау жүйесі (HoD)

Сыйымдылық берілгілері бар рульді қолмен ұстауды бақылау жүйесі автокөлікті ыңғайлы әрі қауіпсіз жүргізуге ықпал етеді.

Толық жетек (AWD)

Жүйе жол жағдайына және таңдалған жүргізу режиміне байланысты алдыңғы және артқы дөңгелектер арасындағы қуатты бейімдей отырып бөледі. Бұл мүмкіндік қарлы, лас, тайғақ немесе тегіс емес беттерде, сондай-ақ үдеу және бұрылыс кезінде қозғалыс тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Жайлылық



Жылыту қызметі және зат салатын бөлікті ультракүлгін зарарсыздандыру жүйесі бар екі секциялы орталық шынтак қойғыш

Шынтақ қойғыштың ішкі бөлігіне біріктірілген ультракүлгін зарарсыздандыру жүйесі қауіпсіз микроклиматты қамтамасыз етеді, ал шынтақ қойғыштың беті жүргізуші мен алдыңғы қатардағы жолаушыны жаңа жайлылық деңгейімен қамтамасыз ету үшін орындықты жылыту контурымен байланыстырып тұрады.

Екі құрылғыға арналған сымсыз қуат беру құрылғысы

Салқындату жүйесі қатты қызып кетуден сақтайды, ал резеңке төсеніштер смартфонның сырғып кетуіне жол бермейді. Сонымен қатар бөлік бір уақытта екі құрылғыны сымсыз әрі жылдам қуаттауға мүмкіндік береді.



Meridian премиалды аудиожүйесі

Meridian акустикалық жүйесі қозғалыс жылдамдығын ескере отырып, іске қосу режимін бейімдейтін сандық алгоритмдердің арқасында иммерсивті және сәнді дыбысты қамтамасыз етеді, сонымен қатар барынша әсер алу үшін әртүрлі теңшеулерді ұсынады.

Интеллектуалды жарықты басқару жүйесі (IFS)

Матрицалық жарық элементтері бар жүйе қосылып тұрған алыс жарықпен жүруге мүмкіндік береді, сонымен бірге жарық сәулесінің жол қозғалысының басқа қатысушыларына әсерін автоматты түрде жояды.

Жүргізушіге көмек көрсететін заманауи жүйелер

Қауіпсіздік және жүргізушіге көмек көрсету жүйелерінің кешені жол жағдайына жан-жақты және маңызды шолу жасауды қамтамасыз етеді. Бұл жүргізушіге ең қиын жағдайларда көлікті қауіпсіз әрі тиімді басқаруға мүмкіндік береді, жайлылық пен сенімділік деңгейін айтарлықтай арттырады.



Екінші буын жолағындағы қозғалыс көмекшісі (LFA 2)
LFA 2 жүйесі автокөліктің жолақтан шығып бара жатқанын біледі, қажет болған жағдайда траекторияны автоматты түрде реттейді, бұл оны жолақта ұстап тұруға көмектеседі, нәтижесінде жүргізуші үшін қауіпсіздік пен жайлылық деңгейі арта түседі.



Екінші буынның бетпе-бет соқтығысуының алдын алу жүйесі (FCA 2)
FCA 2 жүйесі алда келе жатқан автокөлік кенеттен тежегіш басқанда немесе басқа автокөлікпен, жаяу жүргіншімен немесе велосипедшімен соқтығысу қаупі бар екенін ескертеді. Егер ескертуден кейін апат қаупі артса, ол автоматты тежелуді іске қосады.



Жасырын аймақта автокөлікпен соқтығысудың алдын алу жүйесі (BCA)
BCA жүйесі жолақты ауыстырған кезде артқы жағындағы жасырын аймақта тұрған автокөлікпен соқтығысу қаупі бар екенін ескертеді.



Тұрақтан кері жүріспен шығу кезінде бүйірлік соқтығысудың алдын алу жүйесі (RCCA)
RCCA жүйесі кері жүріспен қозғалу кезінде оң жақтан немесе сол жақтан жақындап келе жатқан басқа көлікпен соқтығысу қаупі бар екенін ескертеді. Егер ескертуден кейін соқтығысу қаупі артса, жүйе автоматты тежелуді іске қосады.

Қауіпсіздік

Жаңа K8 қауіпсіздігіңізді ескере отырып жасалған. Түрлі жол жағдайларына арналған озық технологиялар қозғалыс жолағын ауыстырған кезде сенімділікті қамтамасыз етеді, кері жүріспен тұраққа қою процесін едәуір жеңілдетеді және жолаушыларды артқы орындықтарға отырғызу-түсіру кезінде қауіпсіздікті арттырады. Жағдайдың қиындығына қарамастан, K8 автокөлігін жүргізген кезде автокөлік көп жолда немесе жай ғана тұраққа қою кезінде өзіңізді сенімді әрі алаңсыз сезінесіз.



10 қауіпсіздік жастығы

10 қауіпсіздік жастығы жүйесі апат кезінде жүргізуші мен жолаушыларды қорғау үшін алдыңғы жастықтарды, алдыңғы және артқы орындық жолаушыларға арналған бүйірлік жастықтарды және қауіпсіздік перделерін біріктіреді.



Артқы орындықтағы жолаушы туралы ескерту жүйесі

Берілгілер жолаушының артқы орындықта екенін анықтайды және бұл туралы басқару панеліндегі хабарлама, дыбыстық сигнал арқылы хабарлайды, бұл жүргізушінің осы жағдай туралы хабардар болуын қамтамасыз етеді.



Жасырын аймақты бақылау жүйесі (BVM)

BVM жүйесі бұрылыс сигналы қосылған кезде тиісті жағынан суретті артқы көріністің бүйірлік камерасынан таратады.



Автокөліктен қауіпсіз шығу жүйесі (SEA)

SEA жүйесі автокөлік тоқтағаннан кейін жолаушы шығу үшін есікті ашса және артынан келе жатқан автокөлікпен соқтығысу қаупі болған жағдайда ескертеді.



Екінші буынның артқы бағыттаушы шамдары

Артқы жағында жарықдиодты бағыттаушы шамдар жаяу жүргіншілер мен басқа жүргізушілерге көбірек көрінуі үшін автокөліктің артындағы жолға жарық береді.

Дөңгелек дискілері



18 дюймдік жеңіл қорытпалы дискілер



19 дюймдік жеңіл қорытпалы дискілер

Жарықдиодты оптика



Жүру кезіндегі шамдардың жарықдиодты контурлы сызығы



Матрицалық жарық элементтер жүйесі бар жарықдиодты алдыңғы фаралар



Жарықдиодты артқы шамдар



Бұрылыс сигналының қайталағыштары



Екі қабатты алдыңғы және бүйірлік артқы әйнектер



Аяққа арналған кеңістіктің жарықдиодты жарығы



Рульді биіктігі және еңіс бұрышы бойынша реттеу



Артқы орындықтарды үш сатылы жылыту және желдету



Үш зоналы климатты бақылау



Артқы бүйірлік әйнектердегі күннен қорғайтын перделер



Артқы орындықтың арқасына арналған жапсырма

Интерьер түсі




Бір түсті қара




Премиалды Нарра былғарысымен әрленген орындықтар



Былғары



Алдыңғы панельдегі металл жапсырмалар



Қара түсті ағаштан жасалған алдыңғы панельдегі және есік картасындағы жапсырмалар




Сарғыш, екі түсті




Премиалды Нарра былғарысымен әрленген орындықтар



Былғары



Алдыңғы панельдегі металл жапсырмалар



Қара түсті ағаштан жасалған алдыңғы панельдегі және есік картасындағы жапсырмалар




Екі түсті, қоңыр




Премиалды Нарра былғарысымен әрленген орындықтар



Былғары



Алдыңғы панельдегі металл жапсырмалар




Қара түсті ағаштан жасалған алдыңғы панельдегі және есік картасындағы жапсырмалар



Қою көк, екі түсті




Премиалды Нарра былғарысымен әрленген орындықтар



Қара түсті ағаштан жасалған алдыңғы панельдегі және есік картасындағы жапсырмалар

Спецификациясы


Габариті



Техникалық сипаттамалары

Негізгі параметрлері (ұзындығы x ені x биіктігі, мм)	5 050 x 1 880 x 1 465
Дөңгелек базасы (мм)	2 895
Алдыңғы жолтабан (мм)	1 626 (18"), 1 621 (19")
Артқы жолтабан (мм)	1 632 (18"), 1 627 (19")
Жол саңылауы (мм)	155
Қозғалтқыш түрі	3.5 GDI Атмосфералық, V6
Қозғалтқыштың жұмыс көлемі (см³)	3 470
Қозғалтқыштың қуаты (а.к., айн/мин)	300 / 6 400
Максималды айналу сәті (Н*м, айн/мин)	359 / 5 000
Трансмиссия	8 сатылы автоматты
Жетек түрі	алдыңғы / қосылатын толық
Отын багінің көлемі (л)	60

Шанақ түстері



Snow White Pearl (SWP)




Ivory Silver (ISG)




Moonscape Matte Gray (KLM)



Sunset Beige (BYG)



Interstellar Gray (AGT)



Aurora Black Pearl (ABP)

Жаңартылған Kia K8 автокөлігінен шабыт алыңыз

Ресми kia.com.kz сайтынан толық ақпарат алыңыз

Kia ақпараттық желісі: 555

Барлық ақпарат пен суреттер басып шығару кезінде қолжетімді мәліметтерге негізделген. Компания алдын ала ескертпей-ақ өзгерістер енгізуге құқылы. Жабдықталымдардың толық тізбесін және қосымша мәліметтерді Kia дилерлеріне жүгіну арқылы алуға болады. Жарнамалық материалдар шыққан кезде аталған мемлекеттік тіркеу белгілері «Allur Motor Qazaqstan» ЖШС тиесілі болды. Оферта емес.

- * Деректер арнайы өлшеу жабдығын қолдана отырып, шартты жүру циклі бойынша стандартты жағдайда алынды (БҰҰ № 101 ережесі).
- ** 5 жыл немесе 150 000 км кепілдігі kia.com.kz сайтында және автокөліктің сервистік кітапшасында көрсетілген шарттар негізінде жарамды.

Автокөліктің сыртқы түрі жарнамада көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.